




Сабақ


Бауыр мен ұйқы безінің ГИСТОЛОГИЯСЫ


- 
- **Мақсаты:** асқорыту бездерінің (бауыр мен ұйқы безі) құрылымдық ұйымдасуы, олардың диагностикасы, сондай-ақ микроскопиялау дағдылары, ұйқы безінің препараттарын салу бойынша білім алу және бекіту.



■ **Тақырыптың негізгі сұрақтары:**


- 1. Бауыр. Жалпы морфофункционалық сипаттамасы.
- 2. Бауырды қанмен қамтамасыз ету ерекшеліктері.
- 3. Бауыр бөлшегінің құрылысы. Бауыр жасушалары. Бөлшекаралық гемокапиллярлар.
- 4. Ұйқы безі. Жалпы морфофункционалдық сипаттамасы.
- 5. Ұйқы безінің экзокринді бөлімінің құрылысы.


- 
- **Бастапқы білім деңгейлерін бағалауға арналған бақылау сұрақтары:**
 - **1. Классикалық түсінік бойынша бауырдың құрылымдық өлшем бірлігі не?**
 - **2. Бауыр үштігі құрамына қандай құрылымдар енеді?**
 - **3. Гемокапиллярларға өт түскенде не байқалады?**
 - **4. Ұйқы безі. Жалпы морфофункционалық сипаттамасы.**
 - **5. Панкреатиттік сөлдің құрамына қандай ферменттер енеді?**
 - **6. Ұйқы безінің эндокринді бөлімінің структуралық өлшем бірлігі не?**



■ **Қорытынды білім деңгейлерін бағалауға арналған бақылау сұрақтары:**

- 1. Бауыр бағанасы дегеніміз не?
- 2. Бауыр жасушаларын және олардың қызметтерін атаңыз.
- 3. Бауыр бөлшектерінде қан айналу жүйесін қандай тамырлар түзеді? Оларға қандай құрылыс ерекшеліктері тән?
- 4. Ұйқы безінің экзокринді бөлімінің құрылымдық-функционалдық бірлігін атаңыз. Оның құрылысын сипаттаңыз.
- 5. Панкреатиттік аралшалардың жасушалық құрамы қандай?

- 
- **Қорытынды білім деңгейлерін бағалауға арналған ситуациялық есептер:**
 - 1. Бауыр препаратының микроскопиялау кезінде студенттер арасында классикалық бөлікше арасындағы вена туралы пікір талас болды: бірі оны бөлекшекаралық вена десе, екіншісі оны бөлікшеасты вена деп атады. Қандай белгілері бойынша бұл веналарды ажыратуға болады?
 - 2. Өт қылтамыры сұрағына студент бөлшекшілік гемокапилляр мен бауыр пластинкасы арасындағы кеңістік деп жауап берді. Екінші студент жауап дұрыс емес, себебі ондай кеңістік жоқ деді. Студенттердің жауабын бағалап, дұрыстығын дәлелде.

- 
- **3. Зерттеушінің алдына қабырғайшілік асқорыту және сору процесін зерттеу міндеті қойылған. Бұл мақсат үшін қандай морфологиялық объект қолданылуы керек?**
 - **4. Жарық микроскоптың көмегімен асқорту жүйесі мүшелерінің гистокұрылымдарын зерттеу барысында, оның тереңдетілген крипталарының, эпителиінде көп мөлшерде бокал тәрізді жасушалары бар екендігі көрінді. Препаратта қандай мүше берілген?**
 - **5. Улану кезінде гепатоциттер цитоплазмасындағы тегіс эндоплазмалық тордың салмағы артты. Бұл бауырдың қандай қызметіне байланысты?**

